

SUMMER


RELAY

2026 ЖЫЛҒЫ «SUMMER RELAY»
ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

SUMMER RELAY

Мақұлдаймын
«Бірінші болу - батылдық» корпоративтік қорының
Атқарушы директоры



..... / Казыбаева С. Н.
«10» маусым 2026 ж.

2026 ЖЫЛҒЫ «SUMMER RELAY»
ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

МАЗМҰНЫ:

1. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ МАҚСАТТАРЫ	4
2. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ	4
3. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР	5
4. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ.....	5
5. ЖАРЫСТЫҢ ҚАШЫҚТЫҚТАРЫ МЕН ЖАС САНАТТАРЫ	6
6. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ	7
7. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ЖІБЕРУ	7
8. СӨРЕЛІК ЖИНАҚТАРДЫ БЕРУ.....	11
9. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (КЕЙІНІРЕК ЖАРИЯЛАНАДЫ)	12
10. ҚАШЫҚТЫҚТАРДЫ ЖҮГІРІП ӨТУГЕ АРНАЛҒАН УАҚЫТ ШЕКТЕУЛЕРІ.....	12
11. САҚТАУ КАМЕРАСЫ	12
12. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ	13
13. ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ.....	14
14. ЖАРЫС МАРШРУТЫНДА ӨЗІН ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	15
15. ЖАРЫСТАН ШЕТТЕТУ	16
16. ЖАРЫСТЫҢ ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ.....	17
17. ФОРС-МАЖОР	18
18. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН КІНӨРАТ-ТАЛАПТАР	18
19. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН АККРЕДИТТЕУ.....	19
20. ЖАРЫСТЫҢ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ.....	19
21. ЖАРЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ ҚҰҚЫҒЫ.....	20
22. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	20

ЕРЕЖЕ

2026 жылғы «Summer Relay» (бұдан әрі – «Жарыс») – бес адамнан құралған командаға арналған 10 км қашықтықтағы жазғы эстафеталық жүгіру жарысы, ол сондай-ақ мына қашықтықтарды қамтиды:

- Балалар қашықтығы – 2000 м
- Балалар қашықтығы – 1000 м
- Балалар қашықтығы – 500 м

Бұл – жүгіру және спорт әуесқойларына арналған мереке, оған Алматы қаласының әрбір тұрғыны мен қонағы қатыса алады.

1. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ МАҚСАТТАРЫ

- Жүгіру спортын танымал ету;
- Жүгірушілерді халықаралық жарыстарға дайындау;
- Дені сау ұлт қалыптастыру;
- Бұқаралық спортты дамыту;
- Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарының арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- Зиянды әдеттерден (темекі шегуден) бас тарту.

2. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

2.1

Жарысты өткізудің жалпы басшылығын «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

2.2

Жарысты дайындау және өткізу жұмыстарын «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – «Ұйымдастыру комитеті») жүзеге асырады.

3.

ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1.

Жарысқа қатыса алатындар:

- Кәсіби және әуесқой спортшылар;
- Өртүрлі жас топтарындағы қатысушылар (қашықтықтар бойынша анықталады).

3.2.

Жарысқа Ұйымдастыру комитетінің ресми сайтында тіркеліп, сөрелік жарнаны төлеген адамдар ғана қатыса алады.

3.3.

Қатысушылар міндетті:

- almaty-marathon.kz сайтында тіркелуге;
- Өзі туралы өзекті жеке деректерді ұсынуға;
- Осы Ережеде көрсетілген шара қағидаларын сақтауға.

3.4.

Жарысқа келесі жас санаттарындағы тұлғалар жіберіледі:

- 10 км эстафета - 15 жас және одан үлкен қатысушылар;
- 2000 м балалар қашықтығы - 12-14 жас;
- 1000 м балалар қашықтығы - 9-11 жас;
- 500 м балалар қашықтығы - 4-5 жас және 5-8 жас.

3.5.

Жарысқа тіркелу кезінде қатысушының Жарыс өткізілетін күнгі толық жасы есепке алынады.

3.6.

Бір мезгілде бірнеше қашықтыққа және бірнеше команда құрамында қатысуға қатаң түрде тыйым салынады.

4.

ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

4.1

Жарыстың өтетін күні мен уақыты:

2026 жылғы «18» шілде, сағ. 17:00-ден 24:00-ге дейін.

4.2.

Барлық қашықтықтардың сөресі мен мәресі: «Астана» алаңы.

5.

ЖАРЫСТЫҢ ҚАШЫҚТЫҚТАРЫ МЕН ЖАС САНАТТАРЫ

5.1.

Жарыс бағдарламасына келесі қашықтықтар енгізілді:

- 10 км эстафета;
- 2000 м балалар қашықтығы;
- 1000 м балалар қашықтығы;
- 500 м балалар қашықтығы.

5.2.

Жарыстың жас санаттары:

5.2.1.

Жарыстың командалық санаттары:

- Men (тек ерлер) – тек ер адамдардан құралған команда.
- Women (тек әйелдер) – тек әйелдерден құралған команда.
- Mixed (аралас команда) – құрамында ерлер де, әйелдер де бар команда; міндетті шарт – команда құрамында әр жыныс өкілінен кемінде бір қатысушының болуы.
- Business (корпоративтік команда) – бір компания атынан жасақталған, құрамында ерлер де, әйелдер де бар команда; міндетті шарт – команда құрамында әр жыныс өкілінен кемінде бір қатысушының болуы.
- Pro (кәсіби спортшылар) – ерлер мен әйелдерден құралған команда (команда құрамында кемінде екі әйел немесе екі ер адам болуы тиіс).

5.2.2.

2000 м қашықтыққа жүгірудің (балалар қашықтығы) жас санаты:

- 12-14 жас.

5.2.3.

1000 м қашықтыққа жүгірудің (балалар қашықтығы) жас санаты:

- 9-11 жас.

5.2.4.

500 м қашықтыққа жүгірудің (балалар қашықтығы) жас санаттары:

- 4-5 жас;
- 6-8 жас.

6.

ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ

6.1.

Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымдастыру комитеті көтереді.

6.2.

Жарысқа барумен, тұрумен және тамақтанумен байланысты шығындарды қатысушылардың өздері немесе қатысушылар сол арқылы шараға қатысу құқығын алған ұйым өз мойнына алады.

7.

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ЖІБЕРУ

7.1.

Қатысушыларды жеке қашықтықтарға (2000 м, 1000 м және 500 м балалар қашықтықтары) тіркеу almaty-marathon.kz сайтында 2026 жылғы 10 маусымнан басталып, 2026 жылғы 10 шілдеде немесе қатысушылар саны 1300 (бір мың үш жүз) адамға жеткен кезде аяқталады.

7.2.

Командалық эстафетаға командаларды тіркеу www.almaty-marathon.kz сайтында 2026 жылғы 10 маусымнан басталып, 2026 жылғы 10 шілдеде немесе командалар саны 200-ге (екі жүз) жеткен кезде аяқталады.

7.3.

Жеке тәртіппен тіркелген қатысушылар өтінімдердің келіп түсуіне және тіркелу кезектілігіне қарай ұйымдастырушы тарапынан автоматты түрде командаларға біріктіріледі.

Құрылған команданың санаты оның нақты құрамына қарай анықталады. Бес ер адамнан тұратын команда Men санатына, бес әйелден тұратын команда Women санатына жатады. Егер команда құрамында ерлер де, әйелдер де болса, ол Mixed санатына жатқызылады.

7.4.

«Business» санатындағы корпоративтік қатысушыларды тіркеу info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына сұраным жолдау арқылы жүзеге асырылады.

Жарысқа қатысуын ұйым немесе компания төлейтін командалар корпоративтік қатысушылар болып есептеледі. Тіркеу жарнасы Ұйымдастыру комитетінің есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

Төлем шоты көрсетілген электрондық поштаға корпоративтік команда өкілі жіберген сұраным негізінде ұсынылады.

Команданы www.almaty-marathon.kz сайтында тіркегеннен кейін оның өкілі төлем шотын алу үшін команда ID-н ұсынуы тиіс.

Тіркеу жарналары «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының жарғылық қызметін, соның ішінде шараның ұйымдастырылуы мен өткізілуін қолдауға арналған қатысушылардың қайырымдылық көмегі болып табылады және коммерциялық кіріс болып саналмайды.

7.5.

Мына кезеңдердің барлығынан өткен қатысушы тіркелген болып саналады:

- 1 -кезең: <https://almaty-marathon.kz> сайтында таңдалған қашықтық бойынша сауалнама толтырған;
- 2 -кезең: сөрелік жарнаны төлеген;
- 3 -кезең: 2026 жылғы Summer Relay шарасына қатысушының сөрелік нөмірін алған.

Қатысушылар тізіміне Жарысқа қатысуға өтінім (слот) ақысын төлеген адамдар ғана енгізіледі.

Маңызды!

Қатысушылардың тіркеу жарналары «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының жарғылық қызметін, соның ішінде шараның ұйымдастырылуы мен өткізілуін қолдауға бағытталған ерікті мақсатты түсімдер (қайырымдылық көмек) сипатына ие. Бұл жарналар қызметтердің немесе жұмыстардың ақысы емес, коммерциялық кіріс әкелмейді және орындалған жұмыстар актілерін жасау міндетін туындатпайды.

7.6.

Шараға қатысу үшін тіркелу және сөрелік жарнаны төлеу арқылы қатысушы осы Ережеде мазмұндалған барлық талаптармен келісетінін растайды.

Сонымен қатар, қатысушы спорттық іс-шараның ережелерімен танысқанын, өз міндеттемелері мен жауапкершілігін түсінетінін, сондай-ақ Ұйымдастыру комитеті белгілеген барлық талаптарды сақтауға міндеттенетінін растайды.

7.7.

Жарыс қашықтықтарының сөрелік жарналарының құны:

- 10 км жүгіру (эстафета) — 75 000 (жетпіс бес мың) теңге;
- 2000 м жүгіру (балалар қашықтығы) — 9 000 (тоғыз мың) теңге;
- 1000 м жүгіру (балалар қашықтығы) — 8 000 (сегіз мың) теңге;
- 500 м жүгіру (балалар қашықтығы) — 7 000 (жеті мың) теңге.

7.8.

Жарыс қашықтығын 2026 жылғы «3» шілдені қоса алғанға дейін ғана ауыстыруға болады.

Қатысу слоты сатып алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитетіне хабарласып, қашықтықты ауыстыру үшін 2 000 (екі мың) теңге төлеу қажет.

Қашықтық арзанырақ слоттан қымбатырақ слотқа ауыстырылған жағдайда қатысушы слоттар құны арасындағы айырманы қосымша төлеуге міндетті.

Қашықтықты ұзынынан қысқасына ауыстырғанда, слот құнының айырмасы қайтарылмайды.

Қашықтық таңдалған қашықтыққа бос слоттар болған жағдайда ғана ауыстырылады. Бұл жағдайда қатысушыға бұрын берілген нөмір жарамсыз деп танылып, таңдалған қашықтыққа сәйкес келетін жаңа нөмір беріледі.

Қашықтықты ауыстыру үшін info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына жазу қажет.

Егер Men командасының құрамына әйел қатысушы қосылса, команда санаты автоматты түрде өзгереді. Дәл осындай қағида Women командасына да қолданылады.

Сөрелік нөмірлердегі команданың атауы 2026 жылғы «26» маусымға дейін (қоса алғанда) тіркеліп, сөрелік жарнаны төлеген жағдайда беріледі. Атаулы нөмірде сайтқа тіркелу кезінде көрсеткен командаңыздың атауы көрсетіледі. Нөмірде балағат сөздер болмауға тиіс.

Business санатына тіркелген командалар командадағы әрбір қатысушыға жұмыс орнынан анықтама ұсынуға міндетті. Мұндай анықтаманы ұсыну корпоративтік жүгіруге қатысудың міндетті шарты болып табылады.

Егер қатысушы слот сатып алып, бірақ науқастану немесе жарақат алу себебінен сөреге шыға алмаса, команда оған алмастырушы қатысушы ұсына алады. Ауыстыру үшін мыналарды көрсету қажет: сөреге шыға алмау себебін растайтын құжат (еңбекке жарамсыздық парағы немесе дәрігер қорытындысы); ауыстырылатын қатысушының жеке куәлігінің көшірмесі немесе түпнұсқасы ұсынылуы тиіс.

Мәжбүрлі ауыстыру туралы өтінім спортшы тарапынан сөрелік жинақтарды берудің екінші күні басталғанға дейін, яғни 2026 жылғы 10 шілде сағат 18:00-ге дейін, info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына жіберілуі қажет.

7.9.

2026 жылға арналған спорттық күнтізбе аясында Ұйымдастырушы өткізетін бір спорттық іс-шарадан екіншісіне слотты ауыстыру ақылы негізде жүзеге асырылады.

Қайта рәсімдеу құны — 2 000 (екі мың) теңге. Слотты ауыстыру таңдалған іс-шара мен қашықтық бойынша бос орындар болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Слотты ауыстыру кезінде бұрын берілген сөрелік нөмірдің күші жойылып, қатысушыға жаңа нөмір беріледі.

7.10.

Жарысқа қатысу үшін төленген қаражат қайтарылмайды. Қате немесе бөгде сәйкестендіру нөміріне аударылған қаражат та қайтарылмайды.

7.11.

Командалық эстафетаға 15 жастан асқан спортшылар қатыса алады. Команда 5 (бес) адамнан тұрады, олардың әрқайсысы бір айналымнан өтеді.

Эстафетада командалар 10 км қашықтықта жарысады. Қашықтық әр қатысушы үшін 2 км-ден бес бірдей кезеңге бөлінген.

2 (екі) немесе одан да көп команда құрамында қатысуға, сондай-ақ жарыс жолының бір айналымынан артық жүгіруге тыйым салынады.

Команданың эстафетаға қатысу құны — 75 000 (жетпіс бес мың) теңге.

Командалық эстафетаға тіркелу www.almaty-marathon.kz сайтында 2026 жылғы 10 маусымнан басталып, 2026 жылғы 10 шілдеде немесе 200 (екі жүз) команда тіркелген кезде аяқталады. Толығырақ ақпарат алу үшін info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына хабарласуыңызды сұраймыз.

7.12.

Сөрелік нөмірі жоқ қатысушылар Жарысқа жіберілмейді.

7.13.

Жарысқа қатысушы сөрелік нөмірін анық көрінетіндей етіп кеуде тұсына немесе бел буатын белдігіне бекітуге тиіс.

7.14.

Басқа адамның сөрелік нөмірімен қатысуға тыйым салынады. Қатысушының өз сөрелік нөмірін басқа адамға беру фактісі анықталған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті екі қатысушыны да жарыстан шеттетіп, олардың нәтижелерін жояды және келесі 3 (үш) жарысқа қатысу мүмкіндігінен айырады.

7.15.

Жарысқа құлаққап тағып қатысуға тыйым салынады.

7.16.

Мүгедектігі бар қатысушылар қатысу слотын тегін ала алады. Бұл үшін 2026 жылғы «13» шілдеге дейін info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына өтінім жіберу қажет.

Өтінімде мыналар болуға тиіс:

- Қатысушының аты-жөні;
- Қатысушының қашықтығы;
- Мүгедектікті растайтын құжаттар.

Алып жүретін адам қатысу ақысын өзі төлейді. Мүгедектігі бар қатысушыларға арналған слоттар саны шектеулі. Барлық тегін слоттар алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті мүгедектігі бар қатысушыға тегін қатысу мүмкіндігін бермеу құқығын өзіне қалдырады.

8.1.

Қатысушыларға сөрелік жинақтарды беру 17 шілде күні сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін және 18 шілде күні сағат 10:00-ден 14:00-ге дейін Алматы қаласында өтеді. Нақты мекенжай қосымша жарияланады.

Назар аударыңыз! Жарысқа қатысушыларға сөрелік жинақтар басқа күндері берілмейді.

8.2.

Қатысушының сөрелік жинағына сөрелік нөмір, нәтижені тіркеуге арналған чип және түйреуіштер кіреді.

8.3.

Жарыстың корпоративтік қатысушылары сөрелік жинақтарын 17 шілде күні сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін, сондай-ақ 2026 жылғы 18 шілде күні сағат 10:00-ден 14:00-ге дейін, осы Ереженің 8.1-тармағында көрсетілген сөрелік нөмірлерді беру кезінде ала алады. Сөрелік жинақты алу үшін жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын немесе электрондық нұсқасын ұсыну қажет. Бір адам, өз жинағын қоса алғанда, жарысқа қатысушылардың ең көбі 5 (бес) сөрелік жинағын ғана ала алады. Сөрелік жинақтарды беру 8.4-тармаққа сәйкес жүзеге асырылады.

«Business» санатына тіркелген командалар сөрелік жинақтарды алу кезінде команданың әрбір қатысушысына жұмыс орнынан анықтама ұсынуға міндетті. Жұмыс орнынан анықтама ұсыну корпоративтік жүгіріске қатысу үшін міндетті шарт болып табылады.

8.4.

Қатысушылар мына құжаттарды ұсынған жағдайда ғана жарысқа жіберіледі:

18 жасқа толмаған қатысушылар үшін:

- Жеке куәлігі (түпнұсқасы немесе электрондық нұсқасы) / Туу туралы куәлігі (қағазға басып шығарылған нұсқада);
- Ата-анасының немесе қамқоршысының (қамқоршыларының) Жарысқа қатысуға рұқсат беретіні туралы қолхаты (қағазға басып шығарылған нұсқада);
- Қолхатқа өз қолымен қол қойған ата-анасының немесе қамқоршыларының (қамқоршысының) жеке куәліктері (түпнұсқасы немесе электрондық нұсқасы).

18 жастан асқан қатысушылар үшін:

- Жеке куәлігі (түпнұсқасы немесе электрондық нұсқасы);
- Денсаулығы туралы қолхаты (қағазға басып шығарылған немесе онлайн қол қойылған нұсқада).

Қатысушылар денсаулық туралы қолхатқа Almaty Marathon сайтында онлайн немесе сөрелік жинақтар берілетін күні QR кодын сканерлеу арқылы қол қоя алады. Электрондық қолтаңбамен қол қою үшін ЭЦҚ белсенді кілттерімен EGOV mobile қолданбасын пайдалану қажет. Электрондық қолхат болған жағдайда, қағаз нұсқасы талап етілмейді.

8.5.

Егер қатысушы өз сөрелік жинағы туралы білмей қалса / ұмытып кетсе / уақытында алып үлгермесе, жарыс өткізілгеннен кейін онлайн-трекер арқылы медаль беру мүмкін болмайды.

8.6.

Басқа жағдайлар 2026 жылғы «10» шілде күні сағат 14:00-ге дейін info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына өтінім жолдау арқылы жеке тәртіпте қаралады.

9.

ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (КЕЙІНІРЕК ЖАРИЯЛАНАДЫ)

10.

ҚАШЫҚТЫҚТАРДЫ ЖҮГІРІП ӨТУГЕ АРНАЛҒАН УАҚЫТ ШЕКТЕУЛЕРІ

- 10 км (эстафета) қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі - 2 сағат 00 минут,
- 2000 м қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі - 30 минут,
- 1000 м қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі - 20 минут,
- 500 м қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі - 20 минут.

11.

САҚТАУ КАМЕРАСЫ

11.1.

Ұйымдастырушы қатысушы сөмкесінің ішіндегі заттардың сақталуына жауапты болмайды.

11.2.

Сақтау камерасына шамадандар, ірі көлемді сөмкелер қабылданбайды.

11.3.

Ұйымдастыру комитеті сөмкелердегі заттардың жоғалғаны туралы кінәрат-талаптарды қарастырмайды. Қатысушыларға бағалы заттарды, қолма-қол ақшаны және әшекейлерді сақтау камерасына өткізбеуге кеңес беріледі.

12.1.

Қашықтықтар бойынша жарысқа қатысушылардың нәтижелерін Жарыстың электрондық хронометраж жүйесі тіркейді және төрешілер алқасы растайды. Қашықтықтар бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері мәреге жету уақыты бойынша анықталады.

12.2.

Қашықтықтар бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері World Athletics ережелеріне сәйкес анықталады.

12.3.

Жарыстың ресми нәтижелері жарыс аяқталғаннан кейін 24 (жиырма төрт) сағат ішінде almaty-marathon.kz сайтында жарияланады.

12.4.

Жарысқа қатысушының нәтижесі сөрелік нөмір кеуде тұсында немесе бел буатын белдікте дұрыс бекітілген жағдайда ғана тіркеледі.

12.5.

Ұйымдастыру комитеті мына жағдайларда жарысқа қатысушылардың жеке нәтижелері тіркелетініне кепілдік бермейді:

- Чип дұрыс бекітілмегенде.
- Чип магнитсізденгенде.
- Чип киіммен жабылған немесе басқа жолмен жасырылғанда.
- Қатысушы жарыстың төрешілер алқасының шешімі бойынша жарыстан шеттетілгенде.
- Қатысушы чипті зақымдап алғанда.

12.6.

Өз нәтижесін түсіну терминологиясы:

- DNS – Did not start (қатысушы сөреге шықпады).
- DNF – Did not finish (қатысушы мәреге жетпеді).
- DSQ – Disqualified (қатысушы Жарыстан шеттетілді).
- CR – Championship Record (жарыстар рекорды).
- GUN TIME – қатысушының мәреге жету уақыты. Сөре белгісінің берілуінен бастап қатысушының мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт.
- CHIP TIME – қатысушының жеке уақыты. Қатысушының сөре төсеніштерін кесіп өтуінен бастап мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт.

МАҢЫЗДЫ! ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ҚАТЫСУШЫНЫҢ GUN TIME МӘРЕГЕ ЖЕТУ УАҚЫТЫ БОЙЫНША АНЫҚТАЛАДЫ.

13.1.

«Business» және «Pro» санаттарындағы эстафетада 1-3 орын алған командалар марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сертификаттар, кубоктар және бағалы сыйлықтар табысталады.

«Men», «Women», «Mixed» санаттарындағы эстафеталарда 1-3 орын алған командалар марапатталады. Бұл қашықтықта жеңімпаздар мен жүлдегерлерге грамоталар, мүсіншелер және бағалы сыйлықтар беріледі.

13.2.

2000 м, 1000 м және 500 м қашықтықтарда тиісті жас санаттары бойынша 1-3 орын алған ұлдар мен қыздар марапатталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге медальдар, грамоталар және бағалы сыйлықтар табысталады.

13.3.

Белгіленген уақыт шегінде мәреге жеткен барлық қатысушылар мәресінің естелік медалін алады.

13.4.

Ақшалай жүлделер жарыс өткеннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаражатты жеңімпаздың жеке банктік шотына аудару арқылы беріледі. Ақшалай жүлдені алу үшін жарыс жеңімпазы жарыс өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мына құжаттарды жіберуге тиіс:

- Қазақстан Республикасының резиденттері үшін: банктік шоттың бар екені туралы анықтама және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін: жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, сондай-ақ қаражатты алу үшін банктік деректерді — оның атауын, банк бөлімшесінің орналасқан қала мен мекенжайын көрсету.

Құжаттар info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

13.5.

Жарысқа қатысушы жүлделі орын сыйлықтарын жарыс барысында алып кетпеген жағдайда, оларды жарыс өткізілгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде ала алады. Сыйлықтарды беру орны ресми ақпарат көздерінде қосымша жарияланады. Егер Жарысқа қатысушы сыйлықтарды жеке өзі алып кете алмайтын болса және сенім білдіретін адамына тапсыра алмаса, жарыс жеңімпазы сыйлықтарды алушының есебінен жіберуге болатын мекенжайды көрсете отырып, Ұйымдастыру комитетінің info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына хат жазуы қажет. Бұл мүмкіндік Қазақстан Республикасының резиденттеріне ғана беріледі.

13.6.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы жеңімпаздарға сыйлықтарды бермеу құқығын өзіне қалдырады.

Жарыс World Athletics (бұдан әрі — WA) ережелері бойынша өткізіледі.

14.1.

Біздің ұсынымдарымыз:

- Екі және одан да көп қатысушылармен бір қатарда жүгірмеу.
- Жай жүруге ауысқан кезде жолдың оң шетімен қозғалу.

14.2.

Мыналарға тыйым салынады:

- Арбадағы спортшылардан және балаларға арналған арнайы жүгіру арбалары бар қатысушылардан басқа барлық адамдарға кез келген механикалық көлік құралдарын (самокат, велосипед, роликтер және т.с.с.) пайдалануға.
- Құлаққап тағып қатысуға. Қатысушы басқа жүгірушілердің, төрешілердің, ұйымдастырушылардың және спорттық шараның ұйымдастыруға тартылған адамдардың ескертулерін естуге міндетті.
- Жануарлармен қатысуға.
- Ішімдікке немесе есірткіге мас болып қатысуға.
- Басқа қатысушыларға қауіп төндіруі мүмкін кез келген заттарды алып қатысуға.
- Серуендеу арбаларымен қатысуға.
- Жарыс жолында тоқтауға. Өзін нашар сезінген жағдайда, қатысушы мүмкіндігінше жарыстың басқа қатысушыларының қозғалысына кедергі келтірмей, тоқтап, жол шетіне шығуы қажет.
- Қатысушылардың қозғалысына және жарысты ұйымдастыруға кез келген басқа да тәсілдермен кедергі жасауға.
- Қатысушы тамақ немесе сусын алып жатқан сәтте команданың өкілдері мен басқа да тұлғалардың қасында жүруіне, жүгіруіне немесе қатар қозғалуына тыйым салынады.
- Ережені бұзғаны үшін қатысушы жарыстан шеттетіледі.

15.1.

Ұйымдастыру комитеті мына жағдайларда қатысушыны жарыстан шеттетуге құқылы:

- Қатысушы жүгіруді сөре ресми түрде басталмай тұрып бастағанда.
- Қатысушы жүгіруді сөре аймағы жабылғаннан кейін бастағанда.
- Қатысушы сөреге сөрелік нөмірсіз шыққанда.
- Қатысушы жарыстың Ұйымдастыру комитетінің, төрешілерінің немесе бас дәрігерінің нұсқаулары мен ескертулеріне назар аудармағанда.
- Қатысушы жарыс ережелерін бұзғанда.
- Қатысушы 2 (екі) қашықтықта немесе 2 (екі) және одан да көп командалардың құрамында жүргенде, бұл қатысушының да, командалардың да жарыстан шеттетілуіне алып келеді.
- Команда қатысушыны Ұйымдастыру комитетін хабардар етпей ауыстырса.

15.2.

Қатысушының жарыс барысында бейнекамера, мобильді телефон немесе смартфон, радио, плеер, құлаққап және басқа да аппаратураны алып жүру немесе қолдану фактісі анықталған жағдайда жарыстан шеттетіледі.

15.3.

Ұйымдастыру комитеті жарыс барысында бейнекамера, мобильді телефон немесе смартфон, радио, плеер, құлаққап және басқа да аппаратураны қолданған қатысушыны жарыстан шеттетуге құқылы.

15.4.

Жарысқа қатысушылар мына жағдайларда қорытынды хаттамадан шығарылады:

- қатысушы басқа адамға тіркелген нөмірмен жүргенде;
- қатысушы қашықтықты қысқартқанда;
- қатысушы өтінім берілмеген қашықтықты жүргенде;
- қатысушы механикалық көлік құралын (велосипедті, самокатты, басқаларын) пайдаланғанда;
- қатысушы жүгіруді сөре аймағынан тыс бастағанда;
- қатысушы жүгіруді өз кластерінен бастамағанда;
- қатысушы нақты жарыстың ресми нөмірінсіз жүргенде немесе нөмір киімнің астында жасырылғанда;
- қатысушы осы Ереженің қағидаларын бұзғанда.

15.5.

Қатысушы ұйымдастырушыларға, төрешілерге немесе волонтерлерге қатысты әдепсіз, дөрекі немесе қорлайтын сөздер айтқаны үшін жарыстан шеттетілуі мүмкін.

15.6.

Жарысқа қатысушыларға рұқсат етілмеген саяси, әлеуметтік және өзге де митингілер, арандатушылық үндеулер, саяси үгіт-насихат, наразылық акциялары мен демонстрациялар өткізуге, сондай-ақ саяси немесе әлеуметтік сипаттағы кез келген атрибуттар мен логотиптерді пайдалануға тыйым салынады. Осы тармақты бұзған жағдайда қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

16.

ЖАРЫСТЫҢ ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ

16.1.

Жарыстың төрешілер алқасы Жарыс ережелерінің сақталуын, Жарысқа қатысушылар арасындағы спорттық жарыстың әділ және шынайы өтуін, сондай-ақ Жарыс жеңімпазының объективті түрде анықталуын мұқият қадағалайды. Жарыста қызмет көрсететін барлық спорт төрешілері Жарыстың төрешілер алқасын құрайды.

16.2.

Жарыстың төрешілер алқасының құрамына мыналар кіреді:

- Жарыстың Бас төрешісі

Жарыстың бас төрешісі Жарыстың жекелеген төрешілері арасында міндеттерді бөліп, Жарыс аяқталғаннан кейін Ұйымдастыру комитетіне есеп береді.

- Жарыстың Бас хатшысы

Жарыстың Бас хатшысы хаттамаларды өңдейді және нәтижелерді қорытындылайды, төрешілерді, қатысушылар мен көрермендерді жарыстың барысы туралы хабардар ету үшін қажетті материалдарды уақтылы дайындайды, ал Жарыс аяқталғаннан кейін нәтижелер бойынша жалпы есепті құрастырады.

- Жарыстың сәре-мәре аймағының төрешілері

Сәре-мәре аймағының төрешілері қатысушылардың кластерлерге сәйкес қашықтыққа дұрыс шығуын қадағалайды, сәре ережелерінің сақталуын және әділетсіз артықшылықтың болмауын бақылайды. Мәреде төрешілер алғашқы 50 (елу) мәрешіні сәрелік хаттамаларға тіркейді. Хаттамалар нәтижелерді хронометраж жүйесімен салыстырып тексеру үшін Жарыстың бас төрешісіне ұсынылады.

Жарыстың төрешілер алқасының құрамына кәсіби спортшылар мен мамандар шақырылуы мүмкін.

16.3.

Жарыстың Бас дәрігері

Жарыстың бас дәрігері жарыс жолында және сәре-мәре қалашығында медициналық қызметкерлер мен волонтерлердің жұмысына жетекшілік етеді. Қажет болған жағдайда Жарыстың бас дәрігері қатысушыны Жарыстан шеттете алады.

17. ФОРС-МАЖОР

17.1.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары/ұйымдары/қызметтері, соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарапынан Жарысты өткізуге ресми тыйым салынған жағдайда, Жарыс кейінгі мерзімге ауыстырылады. Қатысушылардың осыған дейін төлеген барлық сөрелік жарналары автоматты түрде Жарыс өтетін жаңа күнге ауыстырылады. Жарыстың нақты өтетін күні осы Ереженің 20-бабында көрсетілген Ұйымдастыру комитетінің ақпарат көздерінде қосымша жарияланады және қатысушылардың тіркелу кезінде көрсеткен электрондық поштасына жіберіледі.

17.2.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне байланысты басқа елден келген шетелдік қатысушы Жарыс қарсаңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өте алмаған және оған қатыса алмайтын жағдайда, ол Ұйымдастыру комитетіне өзінің сөрелік жарнасын 2026 жылғы «SUMMER RELAY» жарысына ауыстыру туралы өтінім беруге құқылы. Өтінім info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

18. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН КІНӘРАТ-ТАЛАПТАР

18.1.

Наразылықтар Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне беріледі және оларды Жарыстың төрешілер алқасы қарайды.

18.2.

Жарысқа қатысушы Жарыс аяқталғаннан кейін 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде кінәрат-талап беруге құқылы.

Кінәрат-талаптар info@almaty-marathon.kz электрондық поштасына жіберіледі.

Кінәрат-талап қою кезінде Жарысқа қатысушы мына деректерді көрсетуі қажет:

- қатысушының аты-жөні (анонимді өтініштер қаралмайды);
- кінәрат-талаптың мәні;
- кінәрат-талап қою негіздері (фотосурет немесе бейнежазба).

18.3.

Жарыстың Ұйымдастыру комитеті наразылық және/немесе кінәрат-талап алынған мезеттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жарысқа қатысушыға ресми жауап дайындап, оны кінәрат-талап/наразылық берілген электрондық мекенжайға жолдайды.

Кінәрат-талаптар Жарысқа қатысушылардан ғана қабылданады.

19. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН АККРЕДИТТЕУ

19.1.

Бұқаралық ақпарат құралдарын аккредиттеу үшін 2026 жылғы «10» шілдеге дейін pr-manager@almaty-marathon.kz электрондық поштасына деректерді (БАҚ атауы, тілшінің, оператордың, фотографияның аты-жөні, байланыс телефоны және e-mail) жіберу қажет.

20. ЖАРЫСТЫҢ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

20.1.

Жарыс туралы толық ақпарат almaty-marathon.kz сайтында, сондай-ақ Ұйымдастыру комитетінің келесі әлеуметтік желі аккаунттарында жарияланған:

- <https://www.facebook.com/almatymarathon/>
- <https://www.instagram.com/almatymarathon/>
- t.me/almaty_marathon
- <https://vk.com/almatymarathon>

Жарыстың Ұйымдастыру комитеті басқа ақпараттық ресурстарда жарияланған ақпарат үшін жауапты болмайды.

21.

ЖАРЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

21.1.

Жарыс туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың, яғни спорттық жарыстың бейнежазбасын және (немесе) дыбысын кез келген тәсілмен және кез келген технологияның көмегімен тарату (трансляциялау), сондай-ақ трансляцияны бейнежазбаға түсірудің айрықша құқығы «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорына (бұдан әрі — Құқық иесі) тиесілі.

Құқық иесі спорттық жарысты ақпараттық жариялау құқықтарын үшінші тұлғаларға беру туралы жазбаша шарттар жасасуға құқылы.

22.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

22.1.

Осы Жарысты өткізу туралы Ереже Жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.

22.2.

Жазатайым оқиғалар, жеке заттардың жоғалуы немесе мүліктің зақымдануы салдарынан Жарысқа қатысушыларға келтірілген залал үшін Ұйымдастыру комитеті жауап бермейді.

22.3.

Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың денсаулығы үшін, сондай-ақ дайындық барысында немесе Жарысты өткізу кезінде туындаған жарақаттар, аурулар немесе басқа да медициналық мәселелер үшін жауап бермейді. Әрбір қатысушы өз денсаулығы мен жай-күйі үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады және қажет болған жағдайда Жарысқа қатысар алдында медициналық тексеруден өтуге міндеттенеді.

22.4.

Ұйымдастыру комитеті Жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

ALMATY
MARATHON